

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 жыл

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX<sup>th</sup> Astana Economic Forum

**PART II**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,  
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

зейнетақымен қамтамасыз ету туралы ақпаратты кеңінен жариялау қажет. Сондықтанда зейнетақы заңдылығы туралы жалпы ақпаратпен қатар, зейнетақы жинақтары мен оларды басқару туралы жедел ақпараттар көрсетілетін қаржылық интернет-порталды құру қажеттілігі туындайды.

Ұсынылған шаралар жинақтаушы зейнетақы қорларының дамуының барлық мәселелерін шеше алмағанымен, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуына өз септігін тигізеді.

Қорыта келе, Қазақстанның зейнетақы жүйесін дамытудың келешек перспективалары ұлттық экономиканың шикізат моделінен индустриялық-инновациялық моделіне өтуімен тығыз байланысты, оның басты құрамдас бөлігі қоғам мен мемлекеттің заманауи зейнетақы жүйесінің жалпы рентабельдігіне тікелей әсер ететін тыныс-тіршілігінің барлық салаларын жаңарту болып табылады, ал мемлекеттік шығыстарды жоспарлаудың негізгі басымдығы халықтың тұрақты өсуі, өмір сүру деңгейінің артуы және олардың әл-ауқатын нығайту болған және бола береді [3, 2 б.].

#### **Әдебиеттер:**

1. Проблемы инвестирования пенсионных накоплений.-Рынок ценных бумаг Казахстана, №8. – 2008. С.18-24.
2. Әбдіқалықова Г.Зейнетақы жүйесін жетілдіру.-«Егемен Қазақстан»,03.02.2012 ж.
3. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. - Алматы: Жеті-жарғы, 2014. – 44 б.

## **ҚАЗАҚСТАНДА АГРОӨНЕРКӘСІПТІ КЛАСТЕРЛЕР МОДЕЛІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ**

*Жусупов Р.С.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: Rysbek\_15031986@mail.ru

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында: Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында былай деген болатын: «Біз түпкі өнімдерін экспортқа шығаруға бағдарланған өндірістерді, мұнай-газ, көлік саласына және машина жасау мен металлургиядағы, химия мен агроөнеркәсіп кешеніндегі басқа да ішкі салаларда бірлескен кәсіпорындар құруға және дамытуға арқа сүйеуіміз керек. Алдымызда халықаралық ұйымдырдың белсене қатысуымен биотехнологиялық орталықтар; өңірлік IT-орталық ретінде ақпараттық технологиялар паркін дамыту міндеті тұр [1].

Белгілі американдық ғалым Майкл Портер өзінің «Халықаралық бәсекелестік» атты кітабында «кластер» (яғни пакет, шоғыр, бөлшек) деген түсінік енгізді. Экономикада ойдағыдай бәсекелесуші фирмалар тобы салалық, ұлттық, әлемдік рыноктарда бәсекелестік жағдайын дамыта отырып пайда болады. Осылайша бәсекелестіктің артықшылық көрінісі ретінде кластер дүниеге келеді, қалыптасады, кеңейеді, тереңдейді.

М.Портер ұлттық деңгейде бәсекелестік түрлерін қоғамдық экономикалық дамып жетілуіне қарап анықтайды. Егер бәсекелестік жағдайын табиғи ресурстар, тек құндық факторлар және сол сияқтылар айқындалса, онда іс басқа, ал инвестициялық мүдделер шешуші жағдайға айналса – ол бір басқа, ал енді қозғаушы күш ретінде жаңалыққа, жаңалық енгізуге деген ынталылық болса, онда іс тіпті бір басқа. Кластерлер бәсекелік қабілеттілікті арттырудың құралы екенін ескере отырып, біздер өз еліміздегі бәсеке жағдайларын анықтаудың әдістемелік амалы ретінде пайдалану керек екенін ұмытпауға, осы тұрғыдан келіп, қайда және қандай кластерлер құруымыз, қалыптастыруымыз керек екенін анықтауға тиіспіз [2].

Үкімет ұлттық тауарлар мен қызмет көрсетудің бәсеке қабілеттілігін қолдауға бағытталған нақты бағдарламалар қабылдауы қажет. Жеке меншік бизнесті қолдаудың және оның тауарлары мен қызметін әлемдік рыноктар жылжытатын мамандандырылған құрылымдар болуы шарт мұндай ұйымдардың әлемдік тәжірибесін зерделеп, оны еліміздің жағдайына бейімдеуіміз керек»

Ал, бұл мәселелердің шешілу жолдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұлттық кластерін қалыптастырудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын ұсынылған. Бағдарламада кластерге байланысты әлемдік шаруашылық жүйесінде нақты «орынды» иеленетін және жаңа экономикалық жағдайға жылдам бейімделуге қабілетті бәсекеге қабілетті экономика құруға арналған жағдайды қамтамасыз ету көзделіп, оны шешу жолдары қарастырылған: «Пилоттық кластерлерді құру және дамыту, сондай-ақ кластерлік бастаманың географиясын кеңейту жоспарларын іске асыру жөніндегі жұмыс жасалған [3].

2016-2020 жылдардың аяғына дейін Үкіметтің қолдауымен тиісті өңірлердің әкімдері пилоттық кластерлерді, оның ішінде перспективалы ұлттық кластерлерді белсенді дамыту; халықаралық деңгейдегі кемінде 2 инновациялық орталық құру (Назарбаев Университеті, Инновациялық технологиялар паркі); болашақ экономикасының жаңа секторларын дамыту үшін негіз қалыптастыру; перспективалы ұлттық кластерлердің халықаралық тауашаларға, өнімдер мен қызметтер өнім берушілерінің желісіне, сондай-ақ халықаралық технологиялық тізбекке кіруіне жәрдемдесу; кемінде 5 ұлттық кластер қалыптастырудың егжей-тегжейлі шебер жоспарларын әзірлейтін болады». Нәтижесінде «... бәсекеге қабілетті индустрия мен қызметтер саласын дамыту» күтілуде. Біздің мақсатымыз – жоба тек пилотты салаға ғана тоқталып қоймай, нағыз даму және өсу локомотивіне қызмет ету болып табылады [3].

Кластерлер мен экономика, әсіресе Қазақстанның экономикалық жағдайымен тығыз байланысты болуы керек. Қазақстандағы іскерлікті енгізудің алғы шарттарының жақсаруы кластерлердің қалыптасуының қолайлы жағдайын тудырады. Бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан іскерліктің әлсіз тұстарына қазақстандық компаниялардың тасымалдаудың жаһанды желісінде жеткіліксіз интеграциялануын, жаңа өндірістік технологияларды қолдаудың төмен деңгейін, сондай-ақ жеткізушілердің бәсекеге қабілеттілігін, антимонополиялық саясаттың төмен тиімділігін, әкімшілік кедергілердің жоғарғы деңгейін, қаржы секторының жеткіліксіз деңгейде дамуы мен венчурлық капиталға қол жеткізу мәселелерін жатқызуға болады.

Қазақстандағы бизнес-климаттың күшті жағына білім беру инфрақұрылымы мен адамзат ресурстарының міндеті мен жоғары сапасын, жол инфрақұрылымының жоғары сапасын, сондай-ақ Қазақстан ішіндегі тасымалдаушылардың қол жеткізуінің қатысты жоғарғы деңгейін жатқызуға болады. Саясаты бәсекелік артықшылықтардың белсенді дамуына бағытталған елдерден ерекшелігі, Қазақстан өзінің күшті жақтарын айтарлықтай тиімді қолданбайды. Мысалы, білім беру, ғылым, технология мен инновация көлеміндегі саясаттың тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштердің адамзаттық және инновациялық әлеуеттің қатысты жоғарғы деңгейінде жүзеге асуы төмен деңгейде тұр.


2015 жылдың бірінші жарты жылдығындағы ел экономикасының дамуын қорытындылай келе, Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы аса маңызды бөлік аграрлық өндірістің тиімділігін көтеру болып табылады деп мәлімдеді. Сала тиімділігін арттыру мәселесі – шикізатты қосылған құны жоғары өнім алу үшін тереңірек өндеуді ұйымдастыру және экономиканың өндеуші салаларымен өзара байланыстырылған өндірістер тізбегінің агроөнеркәсіптік кластерін қалыптастыру жөніндегі жұмысты жүйеге келтіру талап етеді.

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінде келесідей кластерлер дамуы мүмкін: астық өндеу жөніндегі, сүт өндеу жөніндегі, ет өндеу жөніндегі кластерлер. Агроөнеркәсіп кешенінің құрамдас бөлігі саналатын тоқыма өнеркәсібінде мақтаны өңдейтін және жүнді өңдейтін кластерлер өркендеуі мүмкін. Сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешені шеңберінде тігін

бұйымдарының кластері және тері мен аяқкиім өндіру жөніндегі кластер құрудың мүмкіндігін қарастыруға болады.

Бірінші суретте астықты тереңірек өңдеудің, жаңа өнімдерді (құрғақ және тоңазытылған ұлпа, кондитерлік өнеркәсіп және басқа салалар үшін жартылай фабрикаттар, диеталық тамақтардың өнімдері және т.б.) игерудің қажеттігі көрсетілген. Жаңа өндірістер ауыл шаруашылық шикі затты толығырақ пайдалану, өндірістік қуаттарды пайдалану деңгейі көтеру мақсатында және сондай-ақ ұзақ мерзімге сақталатын астықтан жасалатын өнімдердің әртүрлі ассортиментімен халықты қамтамасыз ету үшін кластердің инновациялық құрылымын дамыту маңызды міндет болып табылады.

Қорыта келе кластерлік бастамаларды мемлекеттік қолдау шараларын ұсынудың кешенді тәсілі қамтамасыз етілуде. Мемлекеттік қолдауды ұсыну субъектілері даму институттары және мемлекеттік органдар болып табылады.



Сурет 1. Астықты өңдеу жөніндегі кластерлердің өндірісі

Кластерлік бастамаларды ынталандыруға бағытталған қолдау шараларын ұсыну пакеті мен тетіктерін анықтау мақсатында қолданыстағы мемлекеттік қолдаудың қаржылық және қаржылық емес шараларына талдау жүргізіліп жатыр. Осыған орай қолданыстағы «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы аясында Бизнесің жол картасы - 2020, Өнімділік - 2020, Экспорттаушы - 2020 бағдарламалары қабылданды [4].

Осы бағдарламалар шеңберінде кластерді дамыту бойынша мыналар көзделетін болады:

1) қаржылық және қаржылық емес қолдау шараларын ұсыну критерийлерін қайта қарай отырып, кластерлік бастамаларға басым мемлекеттік қолдау көрсету (субсидиялау, кепілдік беру, инфрақұрылым жеткізу, сервистік қолдау);

2) екінші деңгейдегі банктер, даму институттары және қарыз алушының арасында тәуекелдерді бөлу арқылы даму институттарының кластерлер жобаларына басым кредит беру;

3) кластерлер үшін ТДҰА және Ғылым қорының инновациялық гранттарын бөлу, ірі кәсіпорындар - кластерлерге қатысушыларды бірлесіп қаржыландыру арқылы перспективалы ҒЗТКЖ-ні қолдау;

4) ұлттық және ірі жүйе құрушы компаниялардың ұзақ мерзімді тапсырыстарды орналастыруы.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.

2. Портер М. Международная конкуренция: Ағылшын тілінен аударма/В.Д. Щетининаның ред. – М.: Халықаралық қатынастар, 1993.-896 б.

3. Қазақстан Республикасының перспективалы ұлттық кластерін қалыптастырудың 2020 жылғы дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы 2013 жылғы 11 қазандағы № 1092 қаулысы.

4. «Бизнесің жол картасы 2020» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуір № 301 қаулысы.

## **АНАЛИЗ ЗАРУБЕЖНОГО ОПЫТА ФОРМИРОВАНИЯ СИСТЕМЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ**

***Омирбаева Б.С.***

Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева,

г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: bibigul88@mail.ru

За годы независимости здравоохранение Казахстана пережило ряд реформ. Казахстан, как и другие страны бывшего Советского Союза, унаследовал систему здравоохранения, направленную на оказание стационарной помощи, в то время как уровень первичной медико-санитарной помощи оставался без внимания. Вместе с тем, необходимость реформирования системы здравоохранения была вызвана рядом факторов, как ухудшение состояния здоровья населения, рост формальных и неформальных платежей больных за медицинские услуги, чрезмерная ориентированность на стационарную помощь и неудовлетворенность общества системой здравоохранения в целом.

Поэтому перед Правительством стояла задача по совершенствованию системы здравоохранения. Однако начальный этап реформирования носил непоследовательный и непродуманный характер. Дефицит квалифицированных кадров в сфере управления, а также постоянные изменения в организационной структуре системы здравоохранения усиливали нарастающий объем проблем.